

"Әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 19156 болып тіркелді

### З ҚАИ - ның

### ескертпесі!

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12052 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);

2) әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) жарамдылық сертификаты – уәкілетті ұйым немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) оларды пайдалануға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат (бұдан әрі – сертификат);

3) әуеайлақты (тікүшақ айлағын) пайдалануши – Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес басқа мемлекеттің әуеайлақты (тікүшақ айлағын), пайдаланатын жеке немесе заңды тұлғасы.

4) өтінім – өтініш берушінің сертификаттық тексеру рәсімінен өту үшін уәкілетті ұйымға жазбаша өтініші;

5) өтініш беруші – сертификат алу үшін уәкілетті ұйымға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

6) сертификаттық тексеру – әуеайлақты, оның жабдықтарын, пайдалану рәсімдерін, әуеайлақты ұстау және пайдалану жөніндегі технологиялық үдерістерді, құжаттаманы, ұйымдық құрылымды, сондай-ақ өтініш беруші мамандар құзыреттілігінің сертификаттау талаптарына сәйкестігіне уәкілетті ұйым жүзеге асыратын тексеру;

7) бет үстінен көтерулі тікұшақ айлағы – көтеріңкі тұрған конструкцияда орналастырылған тікұшақ айлағы;

8) беттік деңгейдегі тікұшақ айлағы – жер бетінде немесе жер бетіндегі құрылыштың үстінде орналасқан тікұшақ айлағы, мәселен мұнай және газ өндіру үшін қолданылатын барлау және/немесе қолдануларды орнату;

9) тікұшақ алаңы - тікұшақ әуеайлағы, ашық теңізде қозғалмайтын немесе судың бетіндегі құрылғыда орналасқан.

4. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттаудың мақсаты әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авиациялық қауіпсіздік, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаны қорғау үшін әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген) бекітілген Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларының (бұдан әрі - әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормалары) талаптары осы Қағидалардың мақсаттары үшін сертификаттық талаптар болып табылады.";

6 және 7-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сертификаттарды беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттау талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы, [www.elisense.kz](http://www.elisense.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Жарық сигналды, радиотехникалық және метеорожабдықтармен жарақталған әуеайлақтардың жарамдылығын Халықаралық азаматтық авиация үйымының (ИКАО) II, III санаттарының бірі бойынша сертификаттау үшін уәкілетті ұйым халықаралық азаматтық авиация үйымдарының мамандарын тартуы мүмкін.

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау үшін "Салық" және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

7. Әуеайлақтың (тікүшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттауды жүргізу тәртібі рәсімдердің мынадай ретін көздейді:

1) өтініш берушінің уәкілетті ұйымға сертификаттау талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге осы Қағидаларға 3-қосымшадағы сәйкес нысан бойынша портал арқылы беруі. Қайта сертификаттауга арналған өтінім қолданыстағы сертификаттың мерзімі аяқталғанға дейін отыз бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшадағы сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйымның әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінімі бойынша алдын ала бағалау және шешім қабылдау;

3) уәкілетті ұйым комиссиясының тиісті жерге барып сертификаттық тексеру жүргізуі;

4) уәкілетті ұйымның шешім қабылдағаннан кейін портал арқылы сертификат беруі (беруден бас тартуы).

Әрбір кейінгі рәсім алдыңғы рәсімнің оң нәтижелері кезінде орындалады.";

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті ұйым өтініш пен ұсынылған құжаттарды оны алған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастырады.

14. Өтініш беруші осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемелі бас тартады.

Өтініш бойынша ескертулер болмаған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіні оларға сәйкестікке әуеайлақ сертификатталатын сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы хабарлайды және осы Қағидаларға 4-қосымшадағы сәйкес нысан бойынша әуеайлақтың (тікүшақ айлағының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінім бойынша шешім шығарады.

15. Сертификаттық тексеруді жүргізу үшін комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамын уәкілетті ұйымның басшысы немесе оны алмастырушы тұлға айқындайды.";

22-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өтініш берушінің және (немесе) сертификат беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Заңың 64-бабы 1-тармағында және белгіленген талаптарға әуеайлақтардың (тікүшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеуі;";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Уәкілетті ұйым мынадай жағдайларда:

1) әуеайлақты (тікүшақ айлағын) пайдалануши сертификаттау талаптарын сактамаса;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтініші бойынша сертификаттың қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.

Үәкілетті үйым сертификаттың қолданылуын жоғарыда көрсетілген жағдайларды анықтаған (тапқан) кезден бастап тоқтатады.

Анықталған кемшіліктер жойылғаннан және үәкілетті үйымға растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін сертификаттың қолданылуын қалпына келтіруді сертификаттың тексеруден кейін үәкілетті үйым жүзеге асырады.

25. Егер әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы тоқтата тұру негізdemесінің анықталған сәйкесіздіктерін жоймаса, үәкілетті үйым сертификатты қайтарып алады.";

27, 28, 29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Сертификаттың қолданысын тоқтата тұрган немесе кері қайтарылып алынған жағдайда, үәкілетті үйым сертификаттың иесіне қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Сертификаттың қолданысын тоқтату сертификаттың қолданысын тоқтату немесе сертификатты қайтадан алу туралы хабарламаны әуеайлақ пайдаланушысы алынған сэттен бастап қүшіне енеді.

Әуеайлақ пайдаланушысы үәкілетті үйымға хабарлама алғаны туралы дерек хабарлайды.

28. Үәкілетті үйымның келісімі бойынша әуеайлақты (тікұшақ әуеайлағын) пайдалануға жарамдылығы, егер ондай шегіндер белгіленгенге барабар ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз ететін қосымша шараларды енгізуімен өтелсе, нормаларынан уақытша шегінуге жол беріледі.

Бұл ретте ұшу қауіпсіздігінің барабар деңгейін (бұдан әрі – ҰҚБД) қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылданады, сертификаттың құжаттама құрамына енгізілетін және сертификат алуға арналған өтінімге қоса берілетін қажетті құжаттама әзірленеді. ҰҚБД қамтамасыз етудің тиісті шараларын қабылдау туралы құжаттама бағалау, тәуекелді басқару әдіstemесінің негізінде жасалады және оған өтініш беруші мен ҰҚБД-ны әзірлеуге қатысқан үйым қол қояды.

29. ҰҚБД бойынша құжаттаманы әзірлеу үшін өтініш беруші (әуеайлақ (тікұшақ әуеайлағының) пайдаланушысы, иесі) тиісті ғылыми-зерттеу және/немесе өзге де құзыретті үйымдарды тартуы мүмкін. Тәуекелді бағалау мақсатында ҰҚБД әзірлеуге дейін осы шараларға қатысты үәкілетті үйымнан консультация алуы қажет.

Үәкілетті үйыммен келісілгенен кейін осы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ҰҚБД қолданысқа енгізу туралы ақпарат он жұмыс күні ішінде әуеайлақ (тікұшақ айлағы) жөніндегі нұсқауға және аэронавигациялық ақпараттың басқа да құжаттарына енгізіледі.

30. Азаматтық авиация үйымының атауы, оның үйымдық-құқықтық нысаны өзгерген және сертификаттау талаптарына және әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеуіне алғы

келмейтін басқа да өзгерістер болған жағдайда сертификатқа тиісті өзгерістер енгізіледі .";

32, 33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Әуеайлақта ұшу-қону жолағының, рульдеу жолдарының, әуе кемелерінің тұрақ орындарының, перрондарының физикалық, геометриялық сипаттамасына, жарық сигналдық, радиотехникалық немесе метеорологиялық жабдықтарды орнатуға, қайта жаңартуға және жаңғыртуға, әуеайлақ объектілерін электрмен жабдықтауды қайта жаңартуға немесе жаңғыртуға; талап етілетін өрттен қорғау деңгейі бойынша санатты өзгертуге; ИКАО-ның 15-қосымшасына сәйкес әуеайлақтың 2, 3 немесе 4-ауданында кедергілердің құрамы мен сипаттамасындағы өзгерістерге қатысты белікте әуеайлақта өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, сертификаттың иесі өзгерістерді есепке ала отырып, әуеайлақ объектісінің пайдалану талаптарына сәйкестігін анықтайды және өзгерісті әуеайлақ нұсқауына енгізу үшін уәкілетті ұйымнан мақұлдау алу үшін өтінім жолдайды.

Өзгерістерді ескере отырып, әуеайлақтың пайдалану талаптарына сәйкестігін анықтау жұмысына қажеттілігіне қарай ғылыми-зерттеу немесе өзге де құзыретті ұйымдар тартылады.

33. Өзгерістерге мақұлдау алу үшін өтінім уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға З-қосымшага сәйкес белгіленген нысанда ұсынылады. Өтінімге сертификаттық құжаттардың өзгерістерге байланысты түзетулері қоса беріледі.

34. Берілген өтінім уәкілетті ұйымға түскен кезден бастап он жұмыс күн ішінде қаралады.

35. Уәкілетті ұйым өтінімді қараған соң және қажет болған жағдайда әуеайлақты тексереді, сертификаттың иесіне қарau нәтижелері туралы хабарлайды және қажет болған жағдайда әуеайлақтың сертификатына өзгеріс енгізеді.";

1-қосымша осы бүйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бүйрыққа 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2019 жылғы 1 тамыздан бұрын емес қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

P. Скляр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және  
инфрақұрылымдық  
даму министрлік  
2019 жылғы 26 шілдедегі  
№ 561 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрлік  
Міндеттін атқаруышының  
2015 жылғы 24 ақпандығы  
№ 187 бұйрығына  
1-қосымша  
нысан

## ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ Серия АРД № \_\_\_\_

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берілді

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды

1. Әуеайлақ (әуеайлақ атауы)

2. Әуеайлақтың орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары) \_\_\_\_\_

3. Әуеайлақтың иесі \_\_\_\_\_

4. Әуеайлақтың пайдаланушысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Әуеайлақтың сұныбы және ИКАО коды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6. Әуеайлақта талап етілетін өрт қауіпсіздігі санаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7. Осы арқылы әуеайлақтың азаматтық әуеайлақтарды пайдалану талаптарына және жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні күэландырылады. Осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын сертификатқа қосымшада қолданылу саласында көрсетілген ережелер мен шектеулерді ескере отырып, ұшуларды орындауға рұқсат етіледі.

8. Сертификатты беру үшін негіз: 20\_\_ жылғы " "

Сертификаттық тексеру актісі

(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

Әуеайлақтың жарамдылық

сертификатына қосымша

Серии АРД № \_\_\_\_\_

## ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

№	Ұшу шарттары	Кіру түрі және кону бағыты	Ескертпе
1			
2			
3			
4			
5			

  

№	Шектеулер
1	
2	
3	
4	

(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2019 жылғы 26 шілдедегі  
№ 561 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
Міндеттін атқарушының  
2015 жылғы 24 ақпандығы  
№ 187 бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

## ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ ВРД сериясы №

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берілді

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды

1. Тікұшақ айлағы (атауы) \_\_\_\_\_

2. Тікұшақ айлағының орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары)

3. Тікұшақ айлағының иесі \_\_\_\_\_

4. Тікұшақ айлағын пайдаланушы \_\_\_\_\_

5. Тікұшақ айлағының ИКАО бойынша сыныбы (НI, НII, НIII) \_\_\_\_\_

6. Осымен тікұшақ айлағы осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қолданылу саласын есепке ала отырып, азаматтық тікұшақ айлақтарын пайдалану талаптары мен жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні қуәландырылады.

7. Сертификатты беру үшін негіз: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Сертификаттық тексеру актісі

(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

Тікұшақ айлағының

жарамдылық

сертификатына қосымша

ВРД сериясы №

# ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫң ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТАНЫң ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

№	Ұшулар шарттары	Қону бағыты	Ескертпе
1			
2			
3			
4			
5			

  

№	Шектеулер
1	
2	
3	
4	

---

(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК